

«Терроризм – бүгінгі ғасырдың дерті» атты дөңгелек үстел



23.07.2021 жылы Жамбыл облысы әкімдігінің мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының «Жамбыл облысының мемлекеттік архиві» коммуналдық мемлекеттік мекемесі, «Жамбыл облыс әкімдігінің дін істері басқармасының» инспекторы Бекмолдаев Бексұлтанның жетекшілігімен «Терроризм – бүгінгі ғасырдың дерті» атты тақырыпта дөңгелек үстел өткізді.

Дөңгелек үстел басында діни төзімсіздік, діни экстремизм және терроризмнің адамзат қоғамына шынайы қауіпі, олардың ХХІ ғасырдың анағұрлым өткір мәселелердің бірі екендігі тілге тиек етілді. Конфессияаралық келісім мен диалогты жетілдірудің, қоғамды, әсіресе жастардың санасын улаған діни экстремизм мен терроризмнен арашалап алудың жаңа тәсілдерін іздеу қажеттілігі жеткізілді. Аталмыш тақырыпта жиын барысында бейнеролик көрсетілді. Архив қызметкерлері әңгімеге қызу араласып, өздерін толғандырып жүрген мәселелер жөнінде ой бөлісіп, сұрақтар қойылып, сұрақтарға нақты жауаптар берілді.